

Мақала

FTAMP 16.41.25

<https://doi.org/10.55491/2411-6076-2024-2-133-139>**А.А. Қайрат¹**, **Ш.Д. Бүркітбаева²**¹автор-корреспондент, магистр, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: kairatasau@gmail.com²философия докторы (PhD), Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: burkitbaeva.1975@mail.ru

КӨНЕ ҰЙҒЫР ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛДЕРІНДЕГІ ҚОС СӨЗДЕР

Аңдатпа. Мақалада көне ұйғыр тіліндегі қос сөздер қазіргі қазақ тіліндегі қос сөздермен салыстырылып қарастырылды. Көне ұйғыр тілі басқа түркі тілдері сияқты көне түркі тілінің тармақтарының бірі. Мақаланы жазудағы мақсат елімізде енді зерттеле бастаған ескі ұйғыр тіліндегі элементтердің қазіргі қазақ тілінде қаншалықты кездесетінін, сақталғанын салыстыра қарастырып, зерттеу. Еліміздің зерттеушілерімен қатар көне ұйғыр тілін зерттеуші шетелдік ғалымдардың да еңбектері қарастырылды. Мақаланы жазу барысында VIII ғасырдың соңы мен XIV ғасырға дейінгі уақыт аралығында көне ұйғыр тіліндегі мәтіндердің ішіндегі қос сөздердің қолданысы зерттеліп, олардың қазіргі қазақ тілінде қаншалықты кездесетіндігі ашып көрсетілді. Көне ұйғыр тіліндегі мәтіндерден алынған сөйлемдер, қазіргі қазақ тілімен салыстырылып, қазіргі қазақ тілі грамматикасы тұрғысынан талданды. Соның нәтижесінде қазіргі қазақ тіліндегі қос сөздердің сол бастапқы, тарихи мағынасын жоғалтпай, фонетикалық жағынан біраз өзгерістерге ұшырағаны болмаса айтарлықтай өзгермегені анықталды. Бұл біздің қызығушылығымызды тудырып, оларды салыстырмалы түрде қарастыруды жөн көрдік. Жұмыстың ғылыми және практикалық маңыздылығы жоғары. Алынған нәтижелерді қазақ тілі тарихы және түркітану пәндеріне зерттеу материалы ретінде пайдалануға болады. Сонымен қатар зерттеу барысында қазіргі қазақ тілінің көне түркі тілдерінен өте көп мөлшерде тілдік элементтерді бойына сіңіргенін және олардың әлі де қолданыста жүргенін анықтадық.

Тірек сөздер: қазақ тілі, көне ұйғыр тілі, түркі тілдері, қос сөздер, түркітану.

А.А. Қайрат¹, **Ш.Д. Бүркітбаева²**¹автор-корреспондент, магистр, Казахский национальный университет имени Аль-Фараби,
Казахстан, г. Алматы, e-mail: kairatasau@gmail.com²доктор философии (PhD), Казахский национальный университет имени аль-Фараби,
Казахстан, г. Алматы, e-mail: burkitbaeva.1975@mail.ru

ПАРНЫЕ СЛОВА В ДРЕВНЕУЙГУРСКОМ И СОВРЕМЕННОМ КАЗАХСКОМ ЯЗЫКАХ

Аннотация. В статье парные слова древнеуйгурского языка сравниваются с современными казахскими парными словами. Древнеуйгурский язык – одна из ветвей древнетюркского языка, как и другие тюркские языки. Цель написания статьи – сравнить и изучить, насколько элементы древнеуйгурского языка, которые сейчас изучаются в нашей стране, встречаются и сохраняются в современном казахском языке. Наряду с отечественными исследователями были рассмотрены труды зарубежных ученых-исследователей древнеуйгурского языка.

В ходе написания статьи было изучено употребление парных слов в древних уйгурских текстах конца VIII-XIV веков, выявлено, в какой степени они встречаются в современном казахском языке. Предложения, взятые из древних уйгурских языковых текстов, сравнивались с современным казахским языком и анализировались с точки зрения грамматики современного казахского языка. В результате было установлено, что парные слова в современном казахском языке не утратили своего первоначального, исторического значения, а претерпели некоторые фонетические изменения, но существенно не изменились. Это пробудило интерес, в ходе которого положено сравнение. Работа имеет большое научное и практическое значение. Полученные результаты могут быть использованы как исследовательский материал по истории казахского языка и тюркологии. Кроме того, в ходе исследования мы обнаружили, что современный казахский язык впитал в себя огромное количество языковых элементов из древнетюркских языков, и они до сих пор используются.

Ключевые слова: казахский язык, древнеуйгурский язык, тюркские языки, парные слова, тюркология.

A. Kairat¹, **Sh. Burkitbayeva²**¹Corresponding author, Master, Al-Farabi Kazakh National University,
Kazakhstan, Almaty, e-mail: kairatasau@gmail.com²Doctor of Philosophy (PhD), Al-Farabi Kazakh National University,
Kazakhstan, Almaty, e-mail: burkitbaeva.1975@mail.ru

PAIRED WORDS IN ANCIENT UYGHUR AND MODERN KAZAKH LANGUAGES

Abstract. In the article, paired words of the ancient Uighur language are compared with modern Kazakh paired words. The ancient Uighur language is one of the branches of the ancient Turkic language, like other Turkic languages. The purpose of this article is to compare and study to what extent the elements of the ancient Uighur language, which are currently being studied in our country, are found and preserved in the modern Kazakh language. Along with the researchers of the country, the works of foreign scientists-researchers of the ancient Uighur language were considered. During the writing of the article, the use of paired words in ancient Uighur texts of the late VIII-XIV centuries was studied, and it was revealed to what extent they are found in the modern Kazakh language. Sentences taken from ancient Uighur language texts were compared with the modern Kazakh language and analyzed from the point of view of the grammar of the modern Kazakh language. As a result, it was found that paired words in the modern Kazakh language have not lost their original, historical meaning, but have undergone some phonetic changes, but have not changed significantly. This interested us, and we decided to compare them. The work is of great scientific and practical importance. The results obtained can be used as a research material on the history of the Kazakh language and Turkology. In addition, during the research, we found that the modern Kazakh language has absorbed a huge number of linguistic elements from the ancient Turkic languages, and they are still used.

Keywords: Kazakh language, ancient Uyghur language, Turkic languages, paired words, Turkology.

Кіріспе

Түркі тілдерде танымал күрделі сөздердің бір түрі қос сөздер. Яғни екі сөздің қосарланып айтылуынан жасалған күрделі сөздер. Қос сөздердің тілімізде алатын орны аса үлкен. Қос сөздер негізінен, екі сөзді қосақтау, бір сөзді қайталау арқылы я оның бір буынын қабаттастыру арқылы жасалады. А. Байтұрсынұлы өз еңбегінде: «Қос сөз дегеніміз қосарынан айтылатын бір өңкей есімді сөздер. Қос сөз екі түрлі болады, біреуі нәрсенің көбін қамти атайды. Екіншілері нәрселерді айыра атайды. Алдыңғысы-жалпылағыш қос сөз, соңғысы жалқылағыш қос сөз» (Байтұрсынұлы, 2013) деп анықтама берсе, Қ. Жұбанов бұл сөздерді «қосар сөздер» деп, түбір сөзден туынды сөз жасаудың жалғыз амалы түбірге қосымша жалғау ғана емес, түбір сөздің я туынды сөздің өзді-өзін қосақтап та сөзге үстеме мағына беруге болатынын оны қосарынан айтылатын қосар сөздер, деп бес түрге бөледі (Жұбанов, 2010). Кейін І. Кеңесбаев «Қос сөз бірімен-бірі жымдасып, бірінен-бірін ажыратуға болмайтын арнаулы сөз тобы. Ол өзінің алғашқы, не соңғы компонентімен қатар тұрса ғана қос сөз болады» (Кеңесбаев, 1950) десе де кейбір тұста қос сөздердің «қос сөз» болып танылмауына «дефистің» болмау әсерін бір түрлі құбылысқа балайды. Тіл білімі ғалымдарының қос сөздерге деген көзқарасы әр түрлі болуымен қатар, ортақ заңдылықтарын сөйлемдегі қызметіне байланысты бір арнаға түйістіреді десек болады.

Көне ұйғыр жазулы жәдігерлердің зерттелу барысы әлемде Германия, Түркия секілді елдерінде қарқынды жүріп жатқанын байқауға болады. Бұған мысал ретінде ғаламтор желісіндегі жарияланымдар мен шығарылымдарды айтсақ болады.

Қос сөздер түркі тілдерінің бір ерекшелігі десек болғандай. Түрік тілінде «ikilemeler», ағылшын тілінде «paired words», орыс тілінде «парные слова» деп аталатын бұл терминнің, барлық тілдегі жұмсалу аясы мен қызметі бірдей. Тек әр тілдің өзіне тән ерекшеліктеріне байланысты кішігірім өзгешеліктер болуы әбден мүмкін. Мысалы, түрік тілінде «ikilemeler»-ден басқа, «üçlemeler» деген термин де кездеседі.

Қос сөздердің пайда болып қолданылуы көне түркі дәуірінен бастау алады. Қос сөздер көне ұйғыр тілінде белсенді түрде қолданылған. Олай болуының себебі, бұл дәуірде алдыңғы буыннан қалған тілдік өзгешеліктер мен аударма әдебиетінің жақсы дамуы. Айта кетерлік мәселе қазіргі қазақ тілінде белсенді түрде қолданып жүрген қос сөздеріміздің бастауы сол көне ұйғыр кезеңінен бастау алады. Бұлай деуіміздің себебі қайталау және қосарлау арқылы жасалған, ортақ мағына беретін сөз тіркестері тілімізде баршылық десек болады. Бүгінгі таңда қазіргі қазақ тілі мен көне ұйғыр тілінің айырмашылығы біреуінің тірі, екіншісінің өлі тілдер қатарына жатуы болып табылады. Сондықтан да зерттеу барысында көне ұйғыр жазба ескерткіштері пайдаланылды. Сәйкесінше қазақша берілген үлгілер әдеби шығармалар мен түсіндірме сөздіктерден келтірілді. Мақаланы жазу барысында көне ұйғыр тілінен алынған сөздердің қазіргі қазақ тілінде көп қолданылып жүргенін байқадық. Алайда бұрынғы кезеңдер мен қазіргі заман арасында көп ғасырлар өтіп, тіркестер тарихи өзгерістерге түскенін де ескергеніміз абзал.

Материал және әдістер

Мақалада жинақтау және талдау әдісі арқылы мәселенің зерттелу деңгейі анықталып, тақырыптың өзектілігі анықталды. Туыстас тілдердің тілдік материалдарын салыстырмалы-тарихи әдіс арқылы зерттеу екі тілдегі қос сөздердің ортақ сипаттары мен ерекшеліктерін байқауға мүмкіндік берді. Салыстыру барысында қос сөздердің ұқсастықтарына баса назар аударылды. Сондай-ақ қазақ және көне ұйғыр тіліндегі қос сөздердің этнолингвистикалық, лингводерекнамалық және мәтінтанулық талдауы екі тіл арасындағы байланысты аңғаруға негіз болды.

Зерттеу материалы ретінде қазіргі қазақ және көне ұйғыр тілдеріндегі шығармалардан сұрыпталып алынған материалдар, тақырып аясында зерттеу жүргізген авторлардың еңбектерінен жиналған үлгілер сараланып алынды.

Әдебиетке шолу

Түркі тілдеріндегі қос сөздердің зерттелуі сонау XIX ғасырда И.Н. Ильминский, К. Фой, И. Гигон, А. Казембектің қызығушылығын тудырған. Аталған тұлғалардың зерттеулеріне кейін басқа да түркітанушылар: Н.К. Дмитриев (Парные словосочетания в башкирском языке, 1930), И.А. Баскаков (Ногайский язык и его диалекты, 1940), Е.У. Убрятова (Парные слова в якутском языке, 1940), Б. Орузбаева (Некоторые заметки о парных словах, 1957), М. Абдурахманов (Парные слова в тюркских языках, 1975) атсалысты.

Қазақ тіліндегі қос сөздердің морфологиясына қатысты мәселелер А. Байтұрсынов, Қ. Жұбанов, А. Ысқақовтың ғылыми еңбектерінде көрініс тапты. Қазақ тілі білімін зерттеуші І. Кеңесбаев пен Ғ. Мұсабаев «Қазіргі қазақ тілі» атты еңбегінде: «Қалыптанған тиянақты фразеологиялық топқа жататын сөздердің бір саласы қос сөздер болады» десе, ал профессор А. Ысқақов болса: «сөзді қайталап қолданудан лексикалық түсінігі өзгермейді, демек жаңа сөз тумайды, тек грамматикаланады» – деп пікір білдіреді. Профессор К. Аханов «Грамматика теориясының негіздері» атты еңбегінде қос сөздердің үстеме буынды түрлерінен басқалары күрделі сөздер деген пікір айтады. Қос сөздер мәселесі қазірге дейін тіл ғылымында зерттеушілер тарапынан зерттеліп, зерделеніп келе жатқан күрделі тақырып. Бұған мысал ретінде 1991 жылы шыққан Ә. Нұрмағамбетовтың «Қос сөздердің құпиясы» еңбегін атасак болады.

Жалпы түркі тілдерінен бөліп алып көне ұйғыр тіліндегі қос сөздерді ең алғаш түрік ғалымдары: С. Чағатай (1942), М. Өлмез (1998), С. Шен (2002), Х. Айдемир (2007); неміс ғалымдары: У. Шиллинг (2000), Мюллер (2004) т. б. ғалымдар зерттеп, өз еңбектерін жарыққа шығарған. Ең алғаш көне ұйғыр тіліндегі қос сөздерді зерттеген Саадет Чағатай «Yıllık Araştırmalar Dergisi» журналында «Uygurca'da Hendiadyoinler» (Ұйғыр тіліндегі қос сөздер) деген атаумен мақала жариялады. Мақалада 250-ге жуық көне ұйғыр тіліндегі қос сөздер қарастырылды. Кейін басқа да зерттеушілер бұл мәселеге назар аударып, қос сөздер қоры ұлғаюда десек те болады. Ғалымдар көбінесе қос сөздердің қалай жасалғанын, мәтін жолдарында қаншалықты жиі кездесетінін, басқа да сыңар сөздердің басқа сөздермен қалай тіркескенін немесе қандай жағдайда жалғыз кездесетініне қатысты мән-мағынасын ашып отырған.

Қазақстанда да көне ұйғыр тілін зерттеген ғалымдар бар, олар: Ғ. Айдаров, С. Аманжолов, Ә. Қайдар сияқты түркітанушы ғалымдар. Ғ. Айдаровтың «Көне ұйғыр жазба ескерткіштерінің тілі» қазіргі түркітану ғылымында өзіндік маңызы бар еңбек болып табылады.


Мақаланы жазу барысында негізгі әдебиет ретінде төмендегі сөздіктер де қолданылды: «Қазақ әдеби тілінің сөздігі» (он бес томдық); Б.М. Наделяев, Д.М. Насилов, Э.Р. Тенишев, А.М. Щербак (1969) «Древнетюркский словарь»; Clauson Sir G. (1972) «An etymological dictionary of pre-thirteenth-century Turkish»; Klaus Röhrborn «Uigurisches Wörterbuch (Sprachmaterial der vorislamischen türkischen Texte aus Zentralasien)».

Нәтижелер және талқылау

Түркі тілдерінің бірі болып табылатын қазіргі қазақ тілінде сақталып қалған көне түркілік сөздердің саны өте көп. Уақыт өте келе ел арасында қос сөздерді қолдана отырып сөз саптау мәнері әлі де бар. Екі тілдегі кейбір қос сөздер фонетикалық және лексикалық жағынан бірдей қолданыста жұмсалғандығы салыстыру барысында аңғарылды. Олар талданып мысалдармен

берілді. Көне ұйғыр кезеңінен бастап қолданылған қос сөздерде кездескен кейбір өзгерістер, яғни көне ұйғыр тіліндегі бірнеше қос сөздің қазіргі қазақ тілінде қолданылып, екінші сөздерінің қатты өзгеріске ұшырамағанын көрсетіп, түсіндіруге тырыстық.

Үшінші түркі қағандығының тілі болған көне ұйғыр тілін зерттеуге қатысты Қазақстандық түркітану қоғамы әлі де артта қалып жатқан сияқты. Бұл кемшілікті аз да болсын толықтыру мақсатында көне ұйғыр тілі мен қазіргі қазақ тіліндегі қос сөздерді өзара салыстырдық. Осылайша дыбысталуы, жазылуы, білдіретін мағынасы бірдей кейбір қос сөздер жинақталып, көне ұйғыр тіліндегі мәтіндерден алынған мысалдар мен қазақ тіліндегі мәтіндерден алынған мысалдар келтірілді. Қазақ тіліндегі кейбір қос сөздердің сыңар сөзінің және екі сөздің де біраз өзгеріске ұшырағандығы байқалады. Мысалға «ақсақ-шалақ – мүгедек (топал, қолсыз)»; қазақшада әдетте «ақсақ-тоқсақ» болып қолданылады, қос сөздегі екінші сөз «тоқсақ» белгілі бір толыққанды мағына бермейді немесе мағынасы көмескіленген сөз. Бірақ «ақсақ-шолақ» сөзі де қазақшада қолданылады. Сондай-ақ «шолақ» сөзі дәл көне ұйғыр тіліндегідей «қолсыз, қолы қысқа» деген мағынаны білдіреді. Қазақшада «ақсақ шолақ» сөздері бөлек қолданылады. Бұл екі сөздің де бөлек мағынасы бар, дербес сөздер деп айта аламыз. «Kurt қоғуз» қос сөзі де соған ұқсас тіркес. Қазақшада «құрт-қоңыз» десек те түсінікті. Тіпті кейбір аймақтарда дәл осы формада қолданылады. Алайда қазақ әдеби тілінде «құрт-құмырсқа» деп қолданатынымыз белгілі. Көне ұйғыр тіліндегі «оғғи-каракқи» тіркесі, қазақшадағы «ұры қарақшы, ұры-қары» тіркестеріне сәйкес келеді. Дегенмен қазақ әдеби тілінде «ұры-қары» тіркесінің жиі қолданылатынын көруге болады. Әрі қарай көне ұйғыр тіліндегі қос сөздер мен қазақ тіліндегі қос сөздерді өзара салыстырып мысалдармен көрсететін боламыз.



Сурет 1 – “Daśakarmarathāvadānamālā” шығармасының «Үшінші күнә» бөлімінен үзінді (Германиядағы сканерленген каталогтан алынды. Каталог нөмірі: U 1071 (алды, арты))

Ақтарып-төңкеріп. Көне ұйғыр тілінде *aqtaru toñtaru*. *Араластыру, астаң-кестеңін шығару.* Клаус Рёрборнның «Uigurisches Wörterbuch» сөздігінде: *öz biligsiz bilgä [kü]čintä bu muntaу emgäk içintä aytaru toñtaru teğzinürlär.* Жоғарыдағы мәтіннің аудармасы: «надандықтарының күшімен бұл осылай азап шегіп *дөңбекшіп* тұрады» (Рёрборн, 1977: 75). Қазіргі қазақ тілінде ақтару-төңкеру деген қос сөз көркем әдеби стильде қолданылады. Мәселен: *Менің қағаздарымның арасын ақтарып-төңкерістірді* (Нұршайықов, 2009: 38). Демек, көне ұйғыр тіліндегі қос сөздермен қазіргі қазақ тіліндегі қос сөздердің қолданысы мен мағынасында ешқандай айырмашылық жоқ. Бұдан көк түріктер кезеңінде, дәлірек айтсақ VI ғасырда ортақ түркі лексиканың болғандығын аңғаруға болады.

Ағызып-тамызу. Көне ұйғыр тілінде: *aq tökul* – ағу төгілу, ағып-таму: *etözi alqu qan jiriñ aqar tökülür;* «бүкіл денесінен қан мен ірің ағып төгіліп тұр еді» (Рёрборн, 1977: 78). Мұндай қос сөз қазақ тілінде де ағып төгіліп емес, ағызып-тамызып немесе ағып-тамып секілді тіркесте кездеседі. Мысалы: *Біршек шала сарып, бұтына ағызып-тамыза жөнелді, тумысында зәресі ұшып қатты үрейленгені* (Жүнісов, 2002: 74).

Ақырын-ақырын. Көне ұйғыр тілінде *aquru aquru: ündürüp akuru akuru barşka yakın bardı;* «ақырын ақырын барысқа жақын барды» (Рёрборн, 1977: 82). *Құдай-ау, қайда сол жылдар,*

Махаббат, қызық мол жылдар? Ақырын, ақырын шегініп, Алыстап кетті-ау құрғырлар (Абай, 1994: 267).

Ақсақ-тоқсақ. Көне ұйғыр тілінде *aqsaq čolaq: aqsaq čolaq közsüz teglük bolmıšlar*; «олар ақсақ тоқсақ, соқыр болған» (Рёрборн, 1977: 83). Қазақ тілінде де беретін мағынасы бірдей. *Су кешіп таудан астың да, Қой-қозыңды маңыратып, Бота-інгенді аңыратып, Сиырыңды мәңіретіп, Мешеулерді еңіретіп, Талдырмашты талдырып, Ақсақ-тоқсақ қалдырып, Үдере тартып көшкенсің* (Бабатайұлы, 2012: 37).

Алым-берім. Көне ұйғыр тілінде *alım berim: alımqa berimkä oñaj bolsa öz*; «алым берімде әділетті болу керек» (Рёрборн, 1977: 93). Қазіргі қазақ әдеби тілінде дәл осы формада қолдануға болады. Мысалы: *Қалаға сауда-саттық, алым-беріммен келетін қырдың әр байының екінші жұмысы Бақи шеберге іс тапсыру екен» деген сөз Сарыбұйратқа да жеткен* (Исабаев, 1989: 94).

Алыс-беріс. Көне ұйғыр тіліндегі *alıš beriš* қос сөзі қазақ тіліндегі алыс-беріс қос сөзімен сәйкес келеді. Мысалы: *qatılñıl qarıl(l)ñıl alıš beriš*; «алыс берісті дұрыс және әділетті жаса» (Рёрборн, 1977: 95). Қазақ тіліндегі мысалға қарасақ: *Қарабас қырық қалада магазин ұстап, он екі мемлекетпен алыс-беріс сауда жасады* (Оразалин, 1959: 175). Бұл қос сөздің өміршеңдігін дәлелдейтін тағы бір жайт – осы сөз бертінге дейін қазіргі түрік тілінде сақталып қалған бірден-бір қос сөз. Мұны мерзімді түрік баспасөзінен көруге болады: *Tatilya çevresine 25 katlı bir otel, alıš-veriš merkezi ve Bayındır Tıp Merkezi yapılacaq* (Hürriyet газеті, 23.08.97) (Бисенғали, 2022: 57).

Анда-мұнда. Көне ұйғыр тілінде *anta munta: külüg anta munta yügürtgü ol*; *адам ақылын анда мұнда қолдану керек* (Рёрборн, 1977: 148). *Құм ұйықтайды анда-мұнда шашылып, Мұң ұйықтайды мың бұтаққа асылып* (Өлімақын, 2021: 27).

Аниша-мұниша. Көне ұйғыр тілінде *anča munča: ät'özlärinä anča munča tusulur*; *өздеріне аниша-мұниша пайда әкеледі* (Рёрборн, 1977: 132). *Манас енді жөнелді, Алды-артына қарамай, Болжасының жебесі аниша-мұниша шарадай* (Манас, 1934: 152).

Іліс-тартыс. Көне ұйғыр тілінде *iliš tartıš*. Клаус Рёрборнның «Uigurisches Wörterbuch» сөздігінде келтіріледі. Қазіргі қазақ тілінде іліс-тартыс қос сөзіне қарағанда талас-тартыс тіркесі жиі қолданылады. Мысалы: *Ол кісіні сөзбен іліп-тартып, болмаған жерден араласады да отырады* (Бұлқышев, 1968: 714).

Қарға-құзғын. Көне ұйғыр тілінде *karga kuzgun: karga kuzgun tag säñräm*; *Қарға құзғын тауы монастр* (Вилкенс, 2021: 434). Қазақ тілінде бұл қос сөз белсенді қолданып тапқан. Мысалы: *Соғысқа шығатұғын болса патша, Алар ем үстіне оның мініп аниша. Арманым о, дариға болмас еді, Көздерін қарға-құзғын шұқып жатса* (Ізтілеуов, 1961: 69).

Көшіп-қону. Көне ұйғыр тілінде *köçür-kontur: yağıg sañçtıš köçürü konturu kelir* «жауын жеңіп көшіріп қондырып келе жатыр» (Вилкенс, 2021: 399). *Соның көбі шәһәрден орын алып, Сахарада біздің қазақ көшіп-қонған. Бағынып еш падишаһқа қарамастан* (Дулатұлы, 2003: 47).

Көз-құлақ. Көне ұйғыр тілінде *köz kulkak* болып кездеседі. Мысалы: *elig köz kulkak tuttı eldä qatıu*; «билеуші мемлекетке көз құлақ (ие) болды» (Вилкенс, 2021: 92). *Жақын жерге барсам, Ержан да көз-құлақ болар* (Мұқанов, 1938: 489).

Құрт-қоңыз (құрт-құмырсқа). Көне ұйғыр тілінде *qurt qoñuz: ayuluq qurt qoñuz adartu umaz*; «улы жәндіктер зиян бере алмайды»; *tağı jeta bu etüz ersär...qatay qurtlarnıñ qoñuzlarnıñ terkinı qanñıñ jiriñniñ ornağı...erür*; «тағы бұл дене десе... бүкіл құрт-құмырсқалардың, қанның, іріңнің орны» (Вилкенс, 2021: 425). Қазақ тілінде негізі құрт-құмырсқа қос сөзі қолданылады. Құрт пен қоңыз бөлек дербес қолданыстағы сөздер деуге болады. Мысалы: *Жаз шықса, құрт-құмырсқа жыбырласып, Тірілер өлген дене қимылдасып. Қарулы, өзі жылтың бозбалалар, Ел көмсе, жүк артысар қом қомдасып* (Найманбаев, 1988: 158).

Жазу-жаңылу. Көне ұйғыр тілінде *jaz-jañıl: kentü özüm bilmädin jazmıš jañılmıš ağıñ qılñıñniñ kentü ökinür erñi jetinčsiz*; «өзім білмей жазып жаңылған жаман амалым үшін өкінемін» (Вилкенс, 2021: 880). Қазақ тілінде: *Бірде рота командирі оны атып тастай жаздады, «Жаздым, жаңылдым, екінші батыл боламын» деп уәде беріп, жалынған соң гана қойды* (Өлішев, 1970: 173).

Көне ұйғыр тіліндегі *til ağız* қос сөзінің қазақ тіліндегі баламасы *тіл-ауыз* тіркесі. Көне

ұйғыр тіліндегі мысалы: *suw mahabud ootka siñmāk üzä til agız kurıp tiltä kara çizig bolur; «сүтек отқа араласқанда тіл-ауыз құрғап қара сызық болады»* (Вилкенс, 2021: 713). Қазақ тіліндегі мысалына мән берсек: *Оралбайдың жұртында жалғыз үй отырған кемпір, тіл-ауыздан айрылғандай, бұлар келгенде үнсіз орнынан тұрып, үйден шықты* (Мыңжасарова, 1970: 84).

Осы мысалдарымен берілген қос сөздердің екі тілде де ақпарат беруші тарапынан сөздерді қолдануында лексикалық ұқсастықтар байқауымызға болады. Сөйлем ішінде түпкі мағынада ортақтық байқай аламыз. Демек көне ұйғыр тіліндегі жазба мәтіндердегі тілдік элементтердің қазіргі күнде тілімізде жазба мәдениетімізбен қатар ауыз екі тілімізде де сақталғандығын сезіне аламыз деуге болатындай. Көне ұйғыр тіліндегі мәтіндер бірнеше топқа бөлінеді. Дегенмен, ғалымдарымыз барлығында дерлік аудармалық ерекшеліктер барын байқаған. Көне ұйғыр тіліндегі қос сөздердің бүгінге дейін қолданыста болуы түркі тілдерінің аса салмақты екендігін тағы да растайды.

Қорытынды

Түркі тілінде қос сөздер алғашқы Орхон Енисей ескерткіштерінен бастап түркі тілінің әр кезеңінде қолданылған. Бұл бағыт көптеген зерттеушілердің тарапынан зерттелген сала десек болады. Осыған дейінгі және қазіргі кезеңде көне ұйғыр тілінің қос сөздерін зерттеуде дереккөз ретінде С. Чағатай мен В. Хатибоғлуның еңбектеріне көп сілтеме жасалады. Осы мақаланы жазу барысында көне ұйғыр тіліндегі қос сөздермен қатар қазақ тіліндегі көптеген шығармалар мен еңбектерді қарастырдық. Оларға: «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі», І. Кеңесбаев пен Ғ. Мұсабаевтың «Қазіргі қазақ тілі», Ф. Оразбаеваның «Ой өрнегі – сөз» және көптеген ақын жазушылардың шығармалар жинағындағы қос сөздер мен қос сөздерге қатысты зерттеулер жатады. В. Хатибоғлуның «қос сөздер көне ұйғыр тілінің басты ерекшеліктерінің бірі» деген пікірі алдағы уақытта осы бағыттағы зерттеушілердің қызығушылығын әрі қарай арттырады деп ойлаймыз.

Зерттеу барысында, көне ұйғыр жазбаларындағы қос сөздерді талдай отырып, мағынасын қазіргі қазақ тілімен салыстырып, басқада сөздермен қалай тіркесетіндіктерін анықтадық. Қазіргі қазақ тілінің көне түркі тілі мен көне ұйғыр тілінен мирас ретінде сақтаған бай сөздік қоры, бертін келе сөздің мағына кеңею заңдылығы бойынша заманға сай тіркестер тудыра бастағандығына да көз жеткіздік. Сөздердің мағыналық тұтастығы сақтала отырып сөйлемді белгілі бір дәрежеде көркемдейтін құрал бола білгендігін екі тілде де берілген мысалдардан көре аламыз. Бұл дегеніміз қос сөздердің функционалдық қызметі қай кезеңде болмасын түркі тілдері үшін маңызды деген тұжырымды қуаттай түседі. Қос сөздердің сөйлем ішінде атқаратын орнын көре отырып, бұларды сөзжасамда да пайдалануға болатынын байқадық. Мұның қазақ тілінің сөздік қорын молайтуға қосар үлесі зор.

Әдебиеттер

- Аханов К. (1972) Грамматика теориясының негіздері. – Алматы: Мектеп, 1972.
- Байтұрсынұлы А. (2013) Қазақ тіл білімінің мәселелері. Құраст.: Ғ. Әнес. – Алматы: Абзал-Ай, 2013. – 640 б.
- Бектұров Ш. К. (2006) Қазақ тілі: лексика, фонетика, морфология, синтаксис. – Алматы: Атамұра, 2006. – 336 б.
- Бисенғали А.З. (2022) Қазақ және түрік тілдеріндегі жаңа қолданыстардың салыстырмалы сипаты. – Алматы: Қазақ кітабы, 2022. – 108 бет.
- Жұбанов Қ. (2010) Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Атамұра, 2010. – 608 б.
- Кеңесбаев І. (1950) Қазақ тіліндегі фразалық қос сөздер. – Алматы, 1950. – 190 б.
- Наделяев Б.М., Насилов Д.М., Тенишев Э.Р., Щербак А.М. (1969) Древнетюркский словарь. – Ленинград: Наука, Ленинградское отделение, 1969. – 677 б.
- Оразбаева Ф.Ш. (2019) Ой өрнегі – сөз. – Алматы: Ан Арыс, 2019. – 516 б.
- Ысқақов А. (1991) Қазіргі қазақ тілі. Филология факультеттері студенттеріне арналған оқулық. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 384 б.
- Clauson Sir G. (1972). An etymological dictionary of pre-thirteenth-century Turkish. – Oxford, 1972.
- Gülcalı Z. (2015) Eski Uygurca Altun Yaruk Sudur'dan «Aç Bars» hikayesi. – Ankara: TDK, 2015.
- Klaus Röhrborn (1977) Uigurisches Wörterbuch. (Sprachmaterial der vorislamischen türkischen Texte aus Zentralasien - Neubearbeitung – I). – Wiesbaden: Franz Steiner Verlag GMBH, 1977. – 446 s.
- Marcel Erdal (2004) A Grammar of Old Turkic. – Leiden: Brill, 2004.
- Ölmez M. (2017) Eski uygurca ikilemeler üzerine. – İstanbul: Türk Dili Araştırmaları Yıllığı Belleten Dergisi, 2017.

– 243 s.

Uğur A., Tokyürek H. (2023) Altun Yaruk Sudur Metninde Sadece İkileme Yapısında Görülen Fiiller Üzerine. – İstanbul: Dil Araştırmaları, 2023. – 34 s.

Wilkens Jens (2021) Handwörterbuch des Altuigurischen. – Göttingen: Universitätsverlag Göttingen, 2021.

References

Ahanov K. (1972) Grammatika teorijasynyng negizderi. – Almaty: Mektep, 1972 [Akhanov K. (1972) Fundamentals of grammar theory. – Almaty: Mektep, 1972] (in Kazakh)

Baitursynuly A. (2013) Qazaq til bilimining maseleleri. – Almaty: Abzal-Ai, 2013. – 640 b. [Baitursynuly A. (2013) The problems of Kazakh linguistics. – Almaty: Abzal-Ai, 2013. – 640 p.] (in Kazakh)

Bekturov Sh. K. (2006) Qazaq tili: leksika, fonetika, morfologiya, sintaksis. – Almaty: Atamura, 2006. – 336 b. [Bekturov Sh. K. (2006) Kazakh language: lexicon, phonetics, morphology, syntax. – Almaty: Atamura, 2006. – 336 p.] (in Kazakh)

Bisengali A.Z. (2022) Qazaq zhane turik tilderindegi zhanga qoldanystardyng salystyrmaly sipaty. – Almaty: Qazaq kitaby, 2022. – 108 b. [Bisengali A. Z. (2022) Comparative nature of new usages in the Kazakh and Turkish languages. – Almaty: Qazaq kitaby, 2022. – 108 p.] (in Kazakh)

Zhubanov Q. (2010) Qazaq tili jonindegi zertteuler. – Almaty, 2010. – 608 b. [Zhubanov Q. (2010) Researches on the Kazakh language. – Almaty, 2010. – 608 p.] (in Kazakh)

Kengesbaev I. (1950) Qazaq tilindegi frazalyq qos sozder. – Almaty, 1950. – 190 b. [Kenesbayev I. (1950) Phrasal paired words in the Kazakh language. – Almaty, 1950. – 190 p.] (in Kazakh)

Nadeljaev B.M., Nasilov D.M., Tenishev E.R., Shherbak A.M. (1969) Drevnetjurkskij slovar. – Leningrad: Nauka, 1969. – 677 b. [Nadelyayev B.M., Nasilov D.M., Tenishev E.R., Shcherbak A.M. (1969) Ancient Turkic Dictionary. – Leningrad: Nauka, 1969. – 677 p.] (in Russian)

Orazbaeva F. (2019) Oi ornegi – soz. – Almaty: An Arys, 2019. – 516 p. [Orazbayeva F. (2019) Pattern of thought is a word. – Almaty: An Arys, 2019. – 516 p.] (in Kazakh)

Ysqaqov A. (1991) Qazirgi qazaq tili. Filologiya fakul'teteri studentterine arnalgan oqulyq. – Almaty: Ana tili, 1991. – 384 b. [Ysqaqov A. (1991) Modern Kazakh language. Textbook for students of philological faculties. – Almaty: Ana tili, 1991. – 384 p.] (in Kazakh)

Clauson Sir G. (1972) An etymological dictionary of pre-thirteenth-century Turkish. – Oxford, 1972 (in English)

Gulcalı Z. (2015) Eski Uygurca Altun Yaruk Sudur'dan «Aç Bars» hikayesi. – Ankara: TDK, 2015 (in Turkish)

Klaus Röhrborn (1977) Uigurisches Wörterbuch (Sprachmaterial der vorislamischen türkischen Texte aus Zentralasien – Neubearbeitung – I) Wiesbaden: Franz Steiner Verlag GMBH, 1977. – 446 p. (in German)

Marcel Erdal (2004) A Grammar of Old Turkic. – Leiden: Brill, 2004 (in English)

Ölmez M. (2017) Eski uygurca ikilemeler üzerine. – İstanbul: Belleten Journal, Yearbook of Turkic Language Studies, 2017. – 243 p. (in Turkish)

Uğur A., Tokyürek H. (2023) Altun Yaruk Sudur Metninde Sadece İkileme Yapısında Görülen Fiiller Üzerine. – İstanbul: Language Studies, 2023. – 34 s. (in Turkish)

Wilkens Jens, (2021) Handwörterbuch des Altuigurischen. – Göttingen: University Press Göttingen, 2021. (in German)

Мақаланың редакцияға түскен күні: 30.01.2024